

Сабақтың тақырыбы: АЛТЫН СӨЗ.

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға бата туралы мағлұмат беру, түрлерімен таныстыру, қандай қасиеті бар екенін ұғындыру.
2. Оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, белсенділігі мен қызығушылығын арттыру.
3. Батаны өмірде қолдана білуге, бата беріп үйренуге баулу, имандылыққа, салт-дәстүрді дәріптеуге тәрбиелеу.

Психологиялық дайындық:

Күн көзіндей күлімдеп,
Көңілді болып жүрейік.
Қазіргі болар сабаққа
Жүректен ақ жол тілейік!

Сабак
кезеңдері

Қызығушылықты ояту

ой шақыру

Мағынаны
тану

Түртіп алу
жүйесі,
Джиксо әдісі

Ой- толғаныс

Шығармашылық тапсырмалар
топтастыру әдісі



Айтов Несіпбек Тұрысбекұлы - ақын.
22.09.1950 ж.т.



Айтов Несіпбек Тұрысбекұлы 1950 жылы 22 қыркүйекте Қытай Халық Республикасы, Шынжаң өлкесі Шәуешек ауданы, Теректі-Қақпатас елді мекенінде дүниеге келген. Қазақ Ұлттық Университетін бітірген. Семей облысы, Шұбартау ауданы, “Жаңа өмір” газетінде әдеби қызметкер, “Балдырған” журналында бөлім меңгерушісі, “Жалын” баспасында редактор қызметтерін атқарған. 2001 жылдан бері Еуразия Ұлттық университетінде аға ғылыми қызметкер болған. Алғашқы “Балалық” деген өлеңі 1965 жылы жарық көрді. Қазақстан Жазушылар одағының М.Мақатаев және Жамбыл атындағы сыйлықтарының лауреаты.

Бата дегеніміз не? Батаны кімдер береді? Батаны қай кезде береді?

«Бата – арабтың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі», – дейді. Яғни, бата – фатекенің мағынасы: алғыс айту, ақ ниет, ақ тілек білдіру. Бата – ұлтымыз үшін теңдесі жоқ асыл сөз. Ал сөз – бүкіл адамзат тарихындағы күдіретті күш. Халық ақ батадан рухани қуат алады, ол жақсылыққа жол ашады деп сенеді. Сондықтан да қазақтар ежелден-ақ қадірлі қариялардан, атақты батыр, билерден, шашасына шаң жұқпайтын шешендер мен арқалы ақындардан бата алуға құштар болған.

Үйге тапсырма:

Алтын сөз өлеңін мәнерлеп оқу, бата жаттап келу.

Бағалау:(1 мин)

Рейтинг жүйесі бойынша бағалау.

Ендеше балалар ата бабамыздан мирас- өнеге болып қалған баталы сөздерді есімізде сақтап, қастерлеп жүрейік. Бүгінгі сабағымызды мынадай өлең шумақтарымен аяқтайыз:

Ниет, ықылас білдіру,

Әр адамға аманат!

Ата – баба дәстүрі -

Батаны біл жамағат.

Кері байланыс (1мин) Оқушылар өздеріне тиесілі пікір парағын толтырады.

Жақсы білім көрсеткендері үшін бата береді. (1мин)

Бата беру:

Әлемнің бетін жарық ет,

Ұл – қызды түгел білімді ет,

Келесі оқу жылына

Аман – есен түгел жет!

«4» пен «5»-болсын алар бағамыз,

Білімнен бақыт табамыз!

Өнер білім көп тоқып,

Өсе берсін санамыз!

Әумин! Қыдыр атаны шығарып салу.

Сабақтың нәтижелігі

Бата туралы мәлімет алады;

Бата түрлерін анықтайды;

Бата не үшін берілетінін түсінеді;

**Өз ойын жеткізе білуге ,сөйлемді дұрыс құруға
үйренеді;**

Шығармашылық қабілетін арттырады;

**Топпен жұмыс , бірлескен оқу арқылы талдау
жасайды;**

Бірін – бірі, өзін –өзі бағалайды